

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 3 қыркүйектегі № 315 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 қыркүйекте № 3413 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы № 266 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 04.12.2025 № 266 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңы 5-бабының 7) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 13.12.2013 № 406 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы" ММ (Жұмабаева З.Ж.) аталмыш қаулыны Басқарманың ғаламтор-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары С.Қ.Нұрқатоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов

Ақтөбе облысы әкімдігінің
03.09.2012 жылғы № 315
қаулысына қосымша

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысының әкімдігінің 18.07.2019 № 273 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы әкімдігінің 16.10.2023 № 276 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Орналасқан жері	Заңды мекенжайы
Ақтөбе қаласы		
1	"Нұрдаулет" сауда үйі	Әбілқайыр хан даңғылы, № 46 үй
2	алып тасталды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 16.10.2023 № 276 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).	
3	"Планета знаний" дүкені	Әбілқайыр хан даңғылы, № 79 үй, № 1 пәтер
4	"Электрон" дүкені	Әбілқайыр хан даңғылы, № 32 үй
5	"Жилгородской" базары	Бейбітшілік даңғылы, № 7 үй
6	"Әнуар" базары	Ш. Қалдаяқов көшесі, № 26 а үй
7	"Нектар" сауда үйі	11 мөлтек ауданы, Н. Шәйкенов көшесі, № 86 үй
8	алып тасталды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 16.10.2023 № 276 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).	
8-1	"Асыл" сауда үйі	Ж. Досмұхамедұлы көшесі, 25-үй
Алға ауданы		
9	алып тасталды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 16.10.2023 № 276 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).	
Хромтау ауданы		
10	"Кәусар" дүкені	Хромтау қаласы, М. Әуезов көшесі, 1-үй
Байғанин ауданы		
11	алып тасталды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 16.10.2023 № 276 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).	
Мұғалжар ауданы		
12	алып тасталды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 16.10.2023 № 276 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).	
Темір ауданы		
13	Аудандық "Досжан ишан" мешіті жанындағы "Мұсылман тауарлары" сауда нүктесі	Шұбарқұдық ауылы, Н. Байғанин көшесі, № 27 үй
Қобда ауданы		
14	алып тасталды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 16.10.2023 № 276 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).	

Шалқар ауданы		
15	"Сұнқар" сауда үйі	Шалқар қаласы, Әйтеке би көшесі, № 6 үй

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК